

6D011000 – Физика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Бүгінгі қоғам білім беру жүйесінде аумалы-төкпелі өзгерістерге төтеп бере алатын, кез-келген күтпеген жағдайда жұмыс жасай алатын, көз-қарасы кең, мәдениеті жоғары, психологиялық – педагогикалық құзыретті болуымен қатар, түрлі күрделі мәселелерді еркін шеше алатын, жасампаздықты негізге ала отырып, тиімділігі жоғары дәрежедегі қызметті ұйымдастыруға қабілетті мамандарды даярлауды талап етеді. Сондықтан Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес, болашақ мамандарға кәсіптік білім беру мәселесін жоғары деңгейде шешу ісі жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесінің кәсіби бағытта ғылыми педагогикалық тұрғыда құрылып, жүйелі түрде бір-бірімен тығыз байланысқан, бір мақсатқа негізделген процестерден тұратынын ескеру арқылы дайындалған және медициналық жоғары оқу орны студенттеріне физика пәнінен кәсіби білім беру сапасын жетілдіру шараларын саралауға арналған ізденуші Б.С. Уалиханованың диссертациялық жұмысы жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыста деп санауға толық негіз бар.

Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

- болашақ дәрігерлерді кәсіби бағытта білім беру мақсатымен осы бағыттағы шетелдік және отандық ғылыми еңбектердің жетістіктерін ескеру арқылы медициналық жоғары оқу орны студенттеріне физика курсы бойынша кәсіби бағытта оқытудың теориялық негіздерінің айқындалуымен;

- физикалық білім берудің медицинаға қатысты маңызды бөлімдерінің іріктеліп, физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесінің құрылуымен, «Медициналық мамандықтарға арналған физика» тақырыбы бойынша дайындалған элективті курстың әзірленуімен;

- ұсынған әдістеменің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденуімен сараланады.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің негізділігі мен шынайылық дәрежесі нормативтік құжаттарда көрсетілген міндеттерге сәйкес келуімен, осы бағыттағы отандық және шетелдік ғылыми - әдістемелік еңбектердің қағидалары мен тұжырымдарына негізделуімен, медициналық жоғары оқу орны студенттерін кәсіби бағытта оқытудың жетекші идеяларын саралауға арналған пікірлердің дұрыс сұрыпталуымен дәлелденеді.

Екінші нәтиженің негізділігі мен шынайылық дәрежесі диссертациялық жұмыста қамтылған физикалық қағидалардың медицинада қолданылу нәтижелерінің оқу үдерісі мазмұнымен оңтайлы байланыстыру арқылы жүзеге асырылуымен айқындалады.

Үшінші нәтиженің негізділігі мен шынайылық дәрежесі диссертациялық жұмыста студенттерге кәсіби бағытта білім беру мақсатымен дайындалған, зерттеу нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері ретінде саналатын әдістемелік нұсқаулар мен бағдарламалардың тиімділігінің педагогикалық эксперимент тұрғысынан тексеріліп, іс-жүзінде дәлелденуі арқылы бағаланады.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - медициналық жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби бағытта оқытуға байланысты әлемдік ғылыми баспаларда жарық көрген еңбектерді жан-жақты талдау нәтижесінде оларға физиканы оқыту арқылы кәсіби білім беруді жетілдірудің базистік қорының құрылуымен;

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - медициналық бағыттағы мамандықтарға физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі мен «Медициналық мамандықтарға арналған физика» атаулы жаңа элективті пәнінің оқу бағдарламасының және оның оқу-әдістемелік кешенінің әзірленуімен;

Үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ дәрігерлерге физиканы кәсіби бағытта оқыту әдістемесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында тексеріліп дәлелденуімен және қорғауға ұсынылатын қағидалардың дәйектілігімен расталады.

Сонымен қатар, докторант Б.С.Уалиханова зерттеу нәтижелерінің тұжырымдары мен ұсыныстарын әртүрлі деңгейдегі халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жариялап, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу арқылы көрсете білген.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы медициналық жоғары оқу орындарында оқытылатын арнайы пәндер бойынша физиканың маңызды бөлімдерін іріктеумен, физикалық кәсіби білім берудің тиімді әдістемелік жолдарын саралаумен, зерттеу нәтижелері бойынша медициналық-физикалық мазмұндағы теориялық білімді бекітуге арналған тапсырмаларды және студенттердің өзбетінше жұмыс жасауына арналған тест сұрақтарын дайындауымен, «Медицинада мамандықтарына арналған физика» атаулы элективті курсының оқу бағдарламасы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілуімен бағаланады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста ойға қонымды, сабақтың тиімділігін жетілдіруге бағытталған, пайдалануға қолайлы көптеген диаграммалар мен кестелер де қамтылған.

Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстың аталмыш жетістіктерімен бірге ескертпелер де жоқ емес:

1. Диссертациялық жұмыста студенттерге кәсіби білім берудің теориялық негіздерін қалыптастыру туралы пікірлер жиі кездескенімен, негізгі материалдар ғылыми шолу түрінде баяндалады және теориялық жаңа көзқарасты анықтау мүмкін болмады.
2. Диссертацияда талданатын ғылыми жұмыстардың оңтайлы тұстарымен қатар кемшіліктерінің болуы да заңды құбылыс болғанына қарамастан, оларға сын көзбен саралау жүргізілмеген.
3. Диссертацияда «*біз істедік, көз жеткіздік, біздің зерттеуіміздің...*» секілді, жұмыстың меншік иесін сипаттаушы әрсіз сөздерді қолдану бұған дейінгі екі рет ескертуге қарамастан, тағы да қолданыс тапқан.
4. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде көрсетілген, автордың жарияланған 18 еңбегінің тек 6-на ғана жалпы әдебиеттер тізімінде сілтеме келтірілген, соның ішінде ҚР ҰҒА – ның хабаршысында және СКОПУС қорына кіретін Американдық журналда шыққан еңбектер мүлдем жоқ.
5. Диссертацияның мәтінінде қайталанатын қысқарған сөздерге, түсінуге қиындық туғызатын ұғымдар мен оғаш сөйлемдерге, қате жазу арқылы мүлдем басқа түсінік қалыптасатын атауларға (мысалы, *симуляциялық білім беру орталықтары ...* секілді, 5 парақ) жол берілген.

Алайда аталған кемшіліктер мен ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығы мен практикалық маңыздылығын төмендетпейді.

Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

6D011000 – Физика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Баян Сапарбековна Уалиханованың «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және толық аяқталған еңбек деп бағалауға болады, ал оның авторы 6D011000 – Физика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент:

ҚР білім-ғылым саласының
құрметті қызметкері,
Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры,
физика-математика ғылымдарының докторы

Мұқашев Қ.М.

